

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алуды жүзеге асыру үшін негіз> тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> тікелей шарт жасасу тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер жөнінде жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші <тауардың атауы> (бұдан әрі – тауар) Жеткізушіден тікелей шарт жасау арқылы <ҚҚС сомасын қоспағанда> __ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) сомасына сатып алу туралы шешім қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

1.4. Шартта пайдаланылатын терминдер:

ЖЖС – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Тауарды сақтауды және бөлшек саудада өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен жарақтандырылған технологиялық кешен

болып табылатын Жеткізушінің жанармай құю станциялары. Карта ұстаушы Шарт талаптарына сәйкес Картаны көрсету арқылы осындай жанармай құю станцияларынан Тауарды алуға құқылы;

Жанармай картасы - жадында Тауар көлемі және ол бойынша Тауар беруді шектеудің ай сайынғы лимиті (қажет болған жағдайда) туралы мәліметтер қамтылған, кіріктірілген микросхемасы бар пластикалық смарт-карта;

Карта ұстаушы - Шарт талаптарына сәйкес Жеткізушінің ЖЖС-тарында Тауарды алуға құқығы бар Тапсырыс берушінің өкілі;

Өтінім - Жеткізушіден Тауарды, атап айтқанда, жанармай карталарын толтыру арқылы алуға ниетін білдіретін, Тапсырыс беруші жазбаша түрде (қағаз нұсқада немесе электрондық түрде) ресімдеген құжат.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС сомасын қосқанда>* _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, *<_____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>*.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығысын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* _____ (бұдан әрі - _____) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аудару арқылы жүргізеді:

Тапсырыс берушінің жанармай карталарын толтыруға арналған Өтінімінің негізінде, тиісті төлем шотында көрсетілген соманың 100 % (жүз пайызы) мөлшерінде, Жеткізушіден тиісті түрде ресімделген төлем шотын және (немесе) шот-фактураны (инвойсты), «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) веб-қосымшасы/порталы арқылы электрондық түрде ұсынылған Тауарға арналған жүкқұжатты (қорларды сыртқа босатуға арналған жүкқұжатты), сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті тұлғалары қол қойған Тауарды қабылдау-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелер орындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, ақшаны Жеткізушінің ағымдағы шотына аудару арқылы.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше

орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Факсимильдік байланыс арқылы алынған құжаттар, корпоративтік электрондық пошта арқылы және (немесе) өзге тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелері заңды күшке ие болады және Тапсырыс беруші оларды кейіннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда (Шарттың 2.9-тармағы Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады), түпнұсқаларымен ауыстыру шартымен қабылдайды (Жеткізуші Тапсырыс беруші орналасқан қаладан тыс жерде болған жағдайда қолданылады).

2.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүзеге асырады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.7. Егер Жеткізуші Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша соманы төлеу кезінде тиісті халықаралық шартта көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кірісіне (-теріне) қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану бөлігінде халықаралық шарт нормаларын қолдану Жеткізуші Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттікті растайтын құжатты және құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не заңды тұлға-бейрезидент құрылтайшылары (қатысушылары) және мажоритарлық акционерлері көрсетілген сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезиденттің тіркелген мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Егер қандай да бір себеппен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған, кейіннен салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін резиденттікті растайтын құжатты қабылдаса, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірлесіп, резиденттікті растайтын құжаттың тиісті түрде ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Егер Жеткізуші қандай да бір себеппен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың тиісті түрде ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады және оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, Тапсырыс берушіге толық көлемде орындауға (өтеуге), Тапсырыс беруші елінің салық органы Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елінің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей міндетті (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде

тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану бөлігінде халықаралық шарттың нормаларын қолдануға құқылы емес (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Жеткізуші Шарт шеңберінде алынатын кірістің (-тердің) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) болып табылатынын және осы кірісті (-терді) иеленуге, пайдалануға және оған (оларға) билік етуге құқығы бар екенін растайды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің осы мақсаттар үшін делдал болып табылмайтынын куәландырады (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұстап қалады (осы тармақ Жеткізуші басқа мемлекеттің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.13. Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұстап қалуға жатады (осы тармақ Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.14. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;
- 2) Жеткізуші Шарт талаптарына сәйкес жеткізген Тауарды *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуге;
- 4) Жеткізушімен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаларды айқындауға, олармен жедел байланысу үшін олардың Т.А.Ә. (болған жағдайда), телефон нөмірлері және электрондық пошта адрестерін көрсетуге, аталған уәкілетті тұлғалар Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасын, толықтығын және Шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыруға, Жеткізуші жеткізген Тауарды қабылдап алуға, сондай-ақ ілеспе қызметтердің (оның ішінде кепілдік міндеттемелердің) толық және тиісінше көрсетілуін бақылауды қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда, жоғарыда көрсетілген деректерді жаңартуға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға

уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) оны жеткізу, қабылдау-беру процесінде, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тауарда ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда – мұндай Тауарды бағасы бойынша баламалы және тиісті сападағы жаңа Тауарға не сапалық сипаттамалары жақсартылған Тауарға ауыстыруға немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, ақаулары бар Тауарды қабылдаудан және оның ақысын төлеуден бас тартуға;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;

7) Жеткізушіден Шартта белгіленген тәртіп пен мерзімдерде тиісті сападағы және Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келетін Тауарды жеткізуді талап етуге (Шартқа №2 қосымша);

8) Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қабылдаудан бас тартуға;

9) Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тауардың Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

10) Тауарды сатып алуға арналған шығыстардың қысқартылуына, Шартты одан әрі орындаудың орынсыз болуына және (немесе) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауына байланысты (сатып алудан бас тарту) Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта толық немесе ішінара бұзуға;

11) Шарттың 6.4-тармағына сәйкес Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде және кепілдік мерзімі ішінде анықталған Тауардың ақауларын уақтылы жоймаған жағдайда, Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және (немесе) Шартты бұзуға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптар бойынша жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу, қабылдау-тапсыру процесінде, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тауардан ақаулар анықтаған жағдайда, оларды дербес, өз қаражаты есебінен жоюға және (немесе) ақаулы Тауарды Техникалық ерекше нұсқаманың (Шартқа № 2 қосымша) талаптарына сәйкес келетін, бағасы бойынша баламалы және тиісті сападағы не сапалық сипаттамалары жақсартылған жаңа Тауарға Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5

(бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ауыстыруды жүзеге асыруға;

4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 0 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру *<тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге *(қажет болғанда)*;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тауарға және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына байланысты қосымша ақпарат беруге;

11) Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін, Тауарды жеткізу барысын, сондай-ақ Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көзделген Тауарды жеткізуге байланысты барлық ілеспе қызметтердің көрсетілуін бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;

12) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан – Тапсырыс берушіден алынған не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында белгілі болған жасырын ақпараттан басқа коммерциялық және (немесе) өзге де ақпаратты жария етпеуге және оның құпиялылығын сақтауға;

13) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

14) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жеткізушіні қайта ұйымдастыру және (немесе) тарату туралы уәкілетті органнан құжат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама ұсыну арқылы, оның ішінде Шартта көзделген көлемде, тәртіп пен мерзімдерде барлық әрекеттер мен міндеттемелерді орындауға құқылы құқық мирасқоры туралы хабарлауға;

15) Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғаларына осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті барлық деректерді, соның ішінде Жеткізушінің қалалық/ұялы телефон нөмірлерін, электрондық пошта адресін/терін (қажет болған жағдайда), Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған және (немесе) тарту жоспарланып отырған мамандар туралы

мәліметтерді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға;

16) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен сапалық сипаттамалары жақсартылған Тауарды жеткізуге құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні : Тапсырыс берушінің Өтінімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушінің жанармай картасын толтырады және жанармай картасының толтырылғанын растайтын қабылдау-тапсыру актісін Тапсырыс берушіге береді.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Жеткізуші Тауарды Жеткізушінің автожанармай құю станциялары желісі арқылы Алматы қаласының әкімшілік шекаралары шегінде және Алматы қаласына іргелес Алматы облысының аудандарында, ЖҚС-тардың тәулік бойы жұмыс істеу режимінде береді.

Тауардың бүкіл көлемін жеткізуді Жеткізуші өз бетінше, өз қаражаты есебінен Алматы қаласының әкімшілік шекаралары шегінде Жеткізуші Тауарды сақтайтын жерге жүзеге асырады.

4.3. Жеткізілген Тауар Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көрсетілген барлық параметрлер мен сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс.

4.4. Жеткізушінің Тауарды жеткізуі Шартқа № 2 қосымшада көзделген тәртіппен, мерзімдерде және талаптарда жүзеге асырылады.

4.5. Тапсырыс беруші Жеткізушіге мынадай мәліметтерді көрсете отырып Өтінім жолдайды:

- 1) қажетті жанармай карталарының санын;
- 2) тиісті жанармай карталарының санына бөлінетін Тауар көлемдерін;
- 3) тиісті жанармай карталары бойынша Тауар беруді шектеудің ай сайынғы лимиттерінің көлемдерін.

4.6. Тапсырыс беруші Тауарды алғаннан кейін Тауардың бүкіл көлемін сақтау үшін Жеткізушіге береді, ал Жеткізуші Тараптардың Тауарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы арқылы оны сақтауға қабылдауға міндеттенеді. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің Жеткізушіден Тауарды алуға (жауапты сақтаудан қайтаруды талап етуге) құқығын растайтын, саны Тапсырыс беруші Жеткізушіге сақтауға берген Тауардың көлеміне сәйкес келетін Карталарды береді. Бұл ретте Жеткізушінің Тауарды сақтау жөніндегі ілеспе қызметтерінің құны Шарттың жалпы сомасына енгізілген.

4.7. Жеткізуші Тапсырыс берушіден Өтінімді алған күні тиісті сенімхаты бар Тапсырыс берушінің сенім білдірілген тұлғасына Өтінімде көрсетілген мөлшерде Карталарды береді және Өтінімге сәйкес әрбір Картаның жадына Тауардың көлемі және Тауар беруді шектеудің ай

сайынғы лимиті (қажет болған жағдайда) туралы мәліметтерді енгізеді.

4.8. Тиісті сенімхаты бар Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы және Жеткізушінің қызметкері (менеджері) Жанармай карталарын қабылдау-тапсыру актісін жасайды және оған қол қояды.

4.9. Жеткізушіге сақтауға берілген Тауарды Тапсырыс берушіге беру тәулік бойы ЖҚС жанармай тарату колонкалары арқылы Карта ұстаушы ЖҚС жұмыскеріне (кассир-операторына) жүгінген кезде, Карта ұстаушы көрсеткен көлемде, бірақ жүгінген Карта ұстаушының Картасының жадына енгізілген Тауар қалдығының көлемінен және Тауар беруді шектеудің ай сайынғы лимитінің көлемінен (ондай лимит болған жағдайда) аспайтын көлемде Тауарды босату арқылы жүзеге асырылады.

4.10. Жеткізуші Карта ұстаушыларға Тауардың Карта ұстаушы көрсеткен көлемде берілуін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

4.11. Карта Жеткізушінің меншігі болып табылады және Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін не ол мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда қайтарылуға жатады.

4.12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жеткізуші Тауарға қатысты барлық қажетті құжаттарды (сәйкестік сертификаттарын/СТ-KZ сертификаттарын, Тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды, кепілдік сертификаттарын, паспорттарды, нұсқаулықтарды және т.б.) беруге міндетті. Жеткізуші Тауардағы таңбалауды және Тауарға қатысты техникалық құжаттаманы орыс тілінде және (немесе) өндірушінің тілінде, оның ресми аудармасын ұсына отырып, беруге міндеттенеді.

4.13. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп, Тауардың Шарт талаптарына және Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкестігін тексереді.

4.14. Тауар тиісінше жеткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған Актіні қағаз нұсқада (2 (екі) бірдей данада) және (немесе) электрондық түрде, сондай-ақ Тауардың сипаттамасы, Тауардың көлемі, Тауар бірлігінің бағасы және жалпы сомасы көрсетілген төлем шотын және (немесе) шот-фактураны (инвойсты), «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) веб-қосымшасы/порталы арқылы электрондық түрде ұсынылған Тауарға арналған жүкқұжатты (қорларды сыртқа босатуға арналған жүкқұжатты) ұсынуы тиіс.

4.15. Жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулары бар жеткізілген Тауарды қабылдаудан оларды Актіде көрсету арқылы бас тартады, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы тиісті дәлелді жазбаша хабарлама жіберуге негіз болып табылады.

4.16. Тапсырыс берушінің Тауардың тиісінше жеткізілгені бойынша Жеткізушіге ескертулері болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге Тапсырыс беруші оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қояды.

4.17. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актіде көрсетілген күн Тауарды нақты жеткізу күні болып есептеледі.

4.18. Тауар Жеткізушіде сақтауда болған кезеңде Тауардың кездейсоқ жойылу тәуекелін Жеткізуші көтереді, ал Тауар ЖҚС-дан берілген сәттен бастап бұл тәуекел Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады.

4.19. Тауарға меншік құқығы Тараптар Актіге қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 0 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған сәттен бастап оларды өз есебінен жоюға немесе немесе ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас не сапалық сипаттамалары жақсартылған, Техникалық ерекше нұсқама (Шартқа №2 қосымша) талаптарына сәйкес келетін жаңа Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған ақаулы Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Мұндай жағдайларда Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдында Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда – Тауарды Тапсырыс берушінің Өтінімінде көзделгендей көлемде нақты жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда – ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша (не сапалық сипаттамалары жақсартылған)

жаңа Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

3) Шарттың 3.3-тармағының 14) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Ақауларды жою және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыру мүмкіндігі болмаған/одан бас тартқан жағдайда:

- Тауарды қабылдау-беру процесінде Жеткізуші ақаулы Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші ақаулы Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге жататын соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ төлеуге жататын соманың 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Шарт тараптарының бірі, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған Жеткізушінің өкілдері (қызметкерлері) Шарттың 3.3-тармағының 5), 12), 13) тармақшаларында және Шарттың 7-бөлімінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда, мұндай Шарт тарабы екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Жеткізушінің және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған тұлғалардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде белгілі болған құпия және (немесе) өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан келтірілген залалды Тапсырыс берушіге өтейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын Жеткізушінің келісімінсіз дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша Карта ұстаушының ЖҚС-да Тауарды 1 (бір) күнтізбелік күннен астам уақыт бойы алу мүмкін болмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідірістің әрбір күнтізбелік күні үшін, ЖҚС-да Тауарды алу күнін қоса алғанда, Шарттың жалпы сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ

Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

6.11. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы, ал Жеткізуші Тапсырыс беруші алдында Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

6.12. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.13. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.14. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

6.15. Тараптар Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты өзінің тартылған сыртқы консультанттарына, сыртқы заңгерлеріне, сыртқы аудиторларына және сақтандырушыларына негізді түрде ашуы заңды болатынын мойындайды.

6.16. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған тұлғалар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде белгілі болған жасырын және өзге де ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерге беру жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, лаңкестік әрекеттер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер туындауы, шектеу шаралары, Қазақстан Республикасының құқықтық актілері қабылдануы салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімдері осындай жағдайлар орын алған кезеңге ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу жазбаша хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім болған фактілер дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, одан кейін Тараптардың ешқайсысы, басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуін талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге де жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін мақсатқа сай болуына қарай орындауды жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген мән-жайларға байланысты болмайтын балама тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 0 % (нөл пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін енгізеді. Бұл ретте тиынмен есептелген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан кем сома 0-ге (нөлге) дейін, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізеді.

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 2.1 және 11.1-тармақтарында көзделген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт Қазақстан Республикасының қазақ (мемлекеттік) және орыс (ресми) тілдерінде

бірдей заңды күші бар электрондық түрде жасалды.

13.2. Шарт мәтіндері арасында алшақтық болған, оқулар, алшақтықтар және (немесе) Шарт талаптарының мағыналық мазмұнында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі шарттарды қамтитын Шарт артықшылыққа ие болады.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтамайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:	Жеткізуші:
<Тапсырыс берушінің толық атауы>	<Жеткізушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>	<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>	<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>	<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>	<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>	<Жеткізушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>	<Жеткізушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>	<Жеткізушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан	Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>	_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)	М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

